



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 10 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 11 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 19 2014 жылғы 3-тоқсандағы мониторингке қатысушы кәсіпорындардың пікіртерім нәтижелері бойынша калыптастырылған экономиканың нақты секторы жөніндегі конъюнктуралық-қаржылық шолу
- 34 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редактордың міндетін атқарушы
Терентьев А. Л.

кеңес мүшелері:
Орлов П.Е.
Мадиярова Ә.Қ.
Сарсенова Н.В.
Сәрсенбаева А.И.

шығарылымға жауапты:
Шабанова Н.Н
Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 55 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 1 тамыз**

*ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері
жылдың басынан бері 9,2%-ға өсті*

2014 жылғы 1 тамыз

Алматы

ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері бойынша серпін оң болып табылады.

Ағымдағы жылғы шілдеде ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 2 пайызға өсті (0,5 млрд. АҚШ доллардан аса) және айдың соңында 27 млрд. АҚШ долларын құрады.

Бұл ретте жылдың басынан бері ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 2,3 млрд. АҚШ долларына (+9,2%) өсті.

Қазақстан қор биржасының таңертеңгі сессиясында теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы нығайып, ағымдағы сәтте 1 АҚШ доллары үшін 182,08 теңгені құрады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондардан алуға болады: +7 (727) 2 704 639,
E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 56 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 13 тамыз**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы шілдеде инфляция 0,1 %-ды (2013 жылғы шілдеде – 0,2%) құрады. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 0,2%-ға (0,1%-ға өсті) төмендеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,3%-ға (0,1%-ға) қымбаттады, ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,3%-ға (0,3%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2014 жылғы шілдеде көбінесе жұмыртқа - 4,2%-ға, күріш – 3,8%-ға, қант – 2,6%-ға, ұн – 2,2%-ға, шай – 1,7%-ға, ет және ет өнімдері – 0,9%-ға, кондитерлік өнімдер – 0,8%-ға, нан және макарон өнімдері – 0,7%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,4%-ға, көкөністердің ішінде – сәбіз (12,9%-ға) қымбаттады. Қарақұмық жармасының бағасы - 0,1%-ға, жеміс-көкөніс өнімінің ішінде - орамжапырақ (24,6%-ға), картоп – 19,9%-ға, қызылша – 1,9%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында матаның бағасы 0,5%-ға, аяқ киім – 0,3%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,4%-ға, оның ішінде, тұрмыстық тоқыма бұйымдары – 0,9%-ға, ыдыс және асхана құралдары – 0,5%-ға, дәрі-дәрмектер – 1,0%-ға өсті. Бензиннің және дизель отынының құны 0,1%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға өсті. Бұл ретте тарату желілері бойынша тасымалданатын газ үшін тарифтер 2,8%-ға, ыстық су – 0,3%-ға, қоқыс жинау – 0,2%-ға, сұйытылған газ – 0,3%-ға өсті. Бұдан басқа, өткен айда амбулаторлық қызмет көрсету бағасы 0,3%-ға, көлік қызметі – 0,1%-ға, демалыс және мәдениет қызметі – 0,4%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер қызметі – 1,1%-ға көтерілді.

2014 жылғы қаңтар-шілдеде инфляция 4,9% (2013 жылғы қаңтар-шілдеде – 2,8%) болды. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бері 5,4%-ға (1,8%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,0%-ға (1,3%-ға), ақылы қызмет көрсету – 4,3%-ға (5,7%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2013 және 2014 жж. қаңтар-шілдедегі инфляция және оның негізгі топтары



2014 жылғы шілдеде инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 6,9% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 7,0%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 7,1%-ға (3,3%-ға), ақылы қызмет көрсету – 6,6%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

2. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы шілдеде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы

халықаралық резервтері 27,0 млрд. АҚШ долларына дейін 2,0%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 9,2%-ға ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,7%-ға ұлғайып, 26,4 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 9,0%-ға өсті). Ішкі валюта нарығында валютаны сату, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен, сондай-ақ банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюымен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2014 жылғы шілдеде 3,7%-ға ұлғайды. Алтындағы активтер оның әлем нарықтарында бағасының төмендеуі салдарынан 0,5%-ға азайды.

2014 жылғы шілдеде жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 76,8 млрд. АҚШ долл.) 103,8 млрд. АҚШ долларына дейін 0,7%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 8,6%-ға ұлғайды).

2014 жылғы шілдеде ақша базасы 3,3%-ға кеңейіп, 3859,7 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 36,6%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3633,7 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ға кеңейді.

2014 жылғы маусымда ақша массасы 13407,4 млрд. теңгеге дейін 3,8%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 15,6%-ға өсу). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1452,2 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға өсті (жыл басынан бері 4,0%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 3,8%-ға ұлғайып, 11955,2 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері – 18,5%-ға өсті). Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қаңтар-маусымда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы маусымда 89,2%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қаңтар-маусымда тіркелген ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің үдемелі қарқынының салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,10-нан 2014 жылғы маусымның қорытындысы бойынша 3,61-ға дейін төмендеді.

3. Валюта нарығы

2014 жылғы шілдеде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 183,28 – 183,53 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 183,28 теңге болды.

2014 жылғы шілдеде қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 10,8%-ға ұлғайып, 6,0 млрд. АҚШ доллары болды. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 0,6 млрд. АҚШ долларына дейін 22,0%-ға төмендеді.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 6,9%-ға өсіп, 6,6 млрд. АҚШ доллары болды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылғы шілдеде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Онда 5 жылдық МЕОКАМ (17,8 млрд. теңге), 7 жылдық МЕУКАМ (8,3 млрд. теңге), 11 жылдық МЕУКАМ (23,5 млрд. теңге), 20 жылдық МЕУКАМ (48,7 млрд. теңге), 25 жылдық МЕУКАМ (25,0 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 5 жылдық МЕОКАМ бойынша – 6,25%, 7 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,65%, 11 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,25%, 20 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,05%, 25 жылдық МЕУКАМ бойынша – 8,35% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 1,8%-ға ұлғая отырып, 2014 жылғы шілденің соңында 3940,7 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

2014 жылғы шілдеде Ұлттық Банктің 3 айлық ноттарын орналастыру бойынша 3 аукцион болды (3,0 млрд. теңге, 3,0 млрд. теңге және 4,0 млрд. теңге). Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік 3,27%-ды құрады.

2014 жылғы шілденің соңында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 45,5%-ға ұлғайып, 15,9 млрд. теңгені құрады.

5. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы маусымда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы мамырмен салыстырғанда 10,9%-ға ұлғайып, баламасында 4063,6 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 0,1% қысқарып, 651,5 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 16%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы мамырдағы 2,78%-дан 2014 жылғы маусымда 2,81%-ға дейін ұлғайды.

2014 жылғы маусымда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі

2014 жылғы мамырмен салыстырғанда 14,7%-ға ұлғайып, 17,6 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 79,4%-ы) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі

2014 жылғы мамырдағы 0,05%-дан 2014 жылғы маусымда 0,04%-ға дейін қысқарды.

Ресей рублімен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі көп емес – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 2,4%-ы және 2,2%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы мамырдағы 82,2%-дан 2014 жылғы маусымда 84,0%-ға дейін ұлғайды.

Шетел валютасымен резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы мамырдағы 81,8%-дан 2014 жылғы маусымда 83,6%-ға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы мамырмен салыстырғанда 2014 жылғы маусымда 1,3%-ға қысқарып, 607,9 млрд. теңгені құрады.

6. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы маусымда 11955,2 млрд. теңгеге дейін 3,8%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 18,5%-ға өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 7631,7 млрд. теңгеге дейін 4,8%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 23,5%-ға өсті), жеке тұлғалардың депозиттері 4323,4 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды (жылдың басынан бері 10,7%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2014 жылғы маусымда 5,6%-ға 6615,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (заңды тұлғалардікі – 8,2%-ға өсті, жеке тұлғалардікі – 0,3%-ға өсті), шетел валютасымен – 1,5%-ға 5339,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (заңды тұлғалардікі – 0,2%-ға өсті, жеке тұлғалардікі – 3,4%-ға өсті). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 54,4%-дан 55,3%-ға дейін өсті.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2014 жылғы маусымда 4364,8 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 10,6%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында теңгемен депозиттер 2026,8 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 2338,0 млрд. теңгеге дейін 3,6%-ға өсті. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 47,2%-дан 46,4%-ға дейін төмендеді.

2014 жылғы маусымда мерзімді депозиттер 7786,0 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға төмендеді. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 4109,6 млрд. теңгеге дейін 0,8%-ға ұлғайды, шетел валютасымен депозиттер 3676,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді.

2014 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,1% (2014 жылғы мамырда – 5,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,0% (8,9%) болды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы маусымда 1,2%-ға төмендеп, 12163,3 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері 7,7%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8118,1 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға өсті (жыл басынан өсім 2,3%), шетел валютасындағы кредит көлемі 4045,2 млрд. теңгеге дейін 5,2%-ға төмендеді (жыл басынан бері өсім 20,6%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 65,3%-дан 66,7%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы маусымда 1,1%-ға төмендеп, 9785,6 млрд. теңге құрады, қысқамерзімді кредиттеу 2377,7 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға төмендеді. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,4%-дан 80,5%-ға дейін өсті.

Занды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы маусымда 8200,4 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға төмендеді, жеке тұлғаларға кредиттер 3962,9 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,1%-дан 32,6%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы маусымда 1540,4 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға өсті (жыл басынан бері өсім 20,0%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 12,7%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,6%), құрылыс (11,3%), өнеркәсіп (10,8%), көлік (3,5%) және ауыл шаруашылығы (3,5%) сияқты салаларға тиесілі.

2014 жылғы маусымда банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,4% (2014 жылғы мамырда – 11,0%), жеке тұлғаларға – 19,8% (19,0%) болды.

8. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына 2014 жылғы 2-тоқсандағы мониторинг нәтижелері туралы

2014 жылғы шілдеде экономиканың нақты секторындағы ахуалды бағалау мақсатында 2014 жылғы 2-тоқсан бойынша кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын құрайтын мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны 2014 жылғы 1 тоқсандағы пікіртерімен салыстырғанда 2682-ден бастап 2704-ке дейін, оның ішінде орта және ірілері – 1549-ға дейін ұлғайды.

2014 жылғы 2-тоқсанда теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне бағамының өзгеруінің шаруашылық қызметіне теріс ықпалын сезінген кәсіпорындардың үлесі азайды (тиісінше 36,1%-ға, 25,5%-ға және 28,5%-ға дейін). Теңгенің осы валюталарға қатысты бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметіне ықпалын сезінбеген кәсіпорындардың үлесі тиісінше 45,2%, 53% және 51,2% болды.

2014 жылғы 2-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі аз ғана (2014 жылғы 1-тоқсандағы 20%-дан 20,6%-ға дейін) ұлғайды, ал банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындар саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда ұлғайып, 38,1%-ды құрады. 2014 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 23,2%-ы ниетті (2014 жылғы 2-тоқсанда - 23,9%).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі айтарлықтай жақсарды: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі (33%-ға дейін) азайды, осы мақсатқа меншікті қаражатын және банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі (тиісінше 61,4%-ға және 6,1%-ға дейін) ұлғайды.

Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейі өзгерген жоқ, ал шетел валютасымен берілген кредиттер – 2014 жылғы 1-тоқсандағы 9,5%-дан 8,5%-ға дейін төмендеді.

Жалпы нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныстың өскені байқалады. Бұл ретте сұраныстың ұлғаюын кәсіпорындардың 23,1%-ы (2014 жылғы 1-тоқсанда – 13,1%), сұраныстың төмендеуін респонденттердің 19,8%-ы (2014 жылғы 1-тоқсанда – 29,2%) атап өтті.

Аз ғана өсу «өңдеуші өнеркәсіп», «тұру және тамақтану қызметтері», «құрылыс» және «ақпарат және байланыс» сияқты салаларда байқалды. Ал «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау» салаларында сұраныс айтарлықтай төмендеді.

2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша жалпы нақты сектор бойынша дайын өнімге деген сұраныс айтарлықтай өседі.

Жалпы нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өнімдері бағасының өсуі айтарлықтай баяулады. Бұл ретте бағаның өсу қарқынының төмендеуі барлық салада байқалды. Бағалардың өсуінің барынша айтарлықтай бәсеңдеуі «электрмен қамту, газ, бу беру...», «өңдеуші өнеркәсіп» және «көтерме және бөлшек сауда...» салаларында орын алды.

2014 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың – тұтынушылық өнімдерді өндірушілердің дайын өнімдері мен қызметтері бағасының (бұдан әрі – тұтынушылық өнім мен қызмет бағасы) өсуі де баяулады.

2014 жылғы 3-тоқсанда 2014 жылғы 2-тоқсанға қарағанда жалпы экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнім бағасының өсуі біраз баяулайды деп күтіледі. Айтарлықтай баяулау «көтерме және бөлшек сауда...», «құрылыс», «сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау», «тау-кен өнеркәсібі», «өңдеу өнеркәсібі» салаларында күтіледі.

2014 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша тұтынушылық өнім мен қызмет бағасының

қарқыны біраз төмендей отырып, бірқалыпты өсуін жалғастырады.

2014 жылғы 2-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі баяулады. Бағаның өсуінің айтарлықтай баяулауы «электрмен қамту, газ, бу беру...», «сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау», «тұру және тамақтану қызметтері» және «көтерме және бөлшек сауда...» салаларында байқалды.

2014 жылғы 2-тоқсанда бағалардың төмендеуін күтетін кәсіпорындар үлесі 0,5%-дан 1%-ға дейін азайды.

Жалпы нақты сектор кәсіпорындарының қаржылық жағдайы 2014 жылғы 2-тоқсанда біраз жақсарды: рентабельділігі төмен және шығынды кәсіпорындардың үлесі (2014 жылғы 1-тоқсандағы 21,8%-дан 24,5%-ға) азайды, орта және жоғары рентабельді кәсіпорындардың үлесі (2014 жылғы 1-тоқсандағы 78,2%-дан 75,5%-ға) ұлғайды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 57 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 14 тамыз**

*ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетов
VISA өкілдерімен келіссөздер жүргізді*

2014 жылғы 14 тамыз

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қайрат Келімбетовтің VISA компаниясының өкілдерімен кездесуі өтті.

Келіссөздер барысында өзара ынтымақтастықтың басымдықтары мен перспективалары айқындалды, сондай-ақ Қазақстанның қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығын дамыту үшін бірлескен іс-шаралардың жоспарлары талқыланды.

Кездесулер барысында тараптар қолма-қол ақшасыз төлемдер секторындағы инновацияларды дамытуға қатысты мәселелерді де талқылады.

*Толық ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639,
E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 58 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2014 жылғы 15 тамыз

*Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және
қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің
2014 жылғы 24 шілдедегі отырысының қорытындылары туралы*

Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – Кеңес)¹ кезекті отырысы 2014 жылғы 24 шілдеде өтті. Күн тәртібінің шеңберінде Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есепті дайындау практикасын одан әрі жетілдіру және банктердің капиталына қойылатын ең төменгі талаптардың алдағы уақытта көтерілуі мәселелері қаралды.

Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп мәселесі бойынша

Қаржылық тұрақтылық туралы есеп (бұдан әрі – Есеп) шамамен әлемнің 90 елінің орталық банктері шығаратын, экономика мен қаржы секторының жүйелік тәуекелдеріне кешенді талдау жасайтын талдамалық құжат болып табылады. Қазақстанда Есепті 2006 жылдан бері жылына бір Ұлттық Банк шығарады және қаржы секторы мен басқа да мүдделі тұлғаларды, Ұлттық Банктің пікірінше, ерекше көңіл бөлуді және, тиісінше, тиісті реттеу саясатын түзетуді талап ететін тәуекелдер туралы хабардар етуге бағытталған.

Ұлттық Банк негізгі шешімдерді сапалы теориялық және практикалық жағынан негіздеуге деген өсіп отырған сұранысты ескере отырып, экономикалық саясаттың өзекті мәселелерін жариялаудың ауқымын кеңейтіп, Ұлттық Банктің қаржы нарығына қатысушылармен ынтымақтастығы деңгейін тереңдететін болады. Осыған байланысты Есепті дайындау жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Кеңесте үздік халықаралық практиканы, сондай-ақ отандық қаржы нарығына қатысушылардың ұсыныстары ескеріле отырып, осы құжат бойынша жаңа жұмыс форматы ұсынылып, және жалпы алғанда қолдау көрсетілді.

Бұл жаңалықтар:

– Есепті дайындау және шығару кезеңін өзгертуді – тәуекелдерді талдаудың 9 айлық кезеңінен 12 айлық форматына ауысуды;

– қаржы нарығының сарапшыларын талдаудың проблемалық мәселелерін қалыптастыру процесіне тартуды, экономика мен қаржы секторының неғұрлым маңызды тәуекелдерін айқындауды, олардың маңыздылығы мен іске асырылу ықтималдылығы дәрежесін талқылауды;

– Кеңес алаңында Есептің талдау және қорытындылау нәтижелерін алдын ала және түпкілікті талқылауды көздейді.

Жеке талдамалық ақпаратты қамту кезеңі үлкен Есептің, атап айтқанда тәуекелдерді («Тәуекелдер картасы») кешенді бағалау, банк секторын стресс-тестілеу нәтижелерінің, қаржы нарығындағы кредиттеудің негізгі факторлары мен үрдістерінің талдауы (Англия «Trends in Lending» Банкінің және әлем елдерінің басқа орталық банктерінің осындай жариялымдары сияқты) негізінде дайындау мәселелері пысықталатын болады.

Қаржы нарығының өкілдері Есепті одан әрі талдау және дамыту бағыттары бойынша мынадай ұсыныстар білдірді:

¹Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес туралы толығырақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ресми интернет-ресурсының (www.nationalbank.kz) «Қаржылық тұрақтылық» бөлімінде

– бизнес үшін кредит ресурстарының қолжетімділігі мәселелерін қоса алғанда, нақты (негізінен шикізат емес) секторды қаржы секторының дамуымен өзара байланыстыра отырып талдауды тереңдету;
– қалыптастырылатын нормативтік құқықтық базаның, оның ішінде реттеудің қарсыциклдылығы тұрғысынан, қаржы секторының ағымдағы жай-күйіне және болашақтағы даму перспективаларына (кредиттік белсенділік, өтімділік және т.б.) ықпалын талдау және бағалау.

2014 жылғы Есептің кезекті шығарылымы 2015 жылғы сәуір-мамыр айларында дайындалып, жарияланатын болады.

Екінші деңгейдегі банктерді капиталдандыруды арттыру бөлігінде

Кредиттеудің ІЖӨ-дегі үлесін арттыру, тұтынушылардың қаржылық қызметтермен қамтылуын кеңейту, мобильді банкинг пен банктердің интернет қызметтерін қоса алғанда, жаңа жоғарытехнологиялық қаржылық қызметтерді дамыту және олардың құнын төмендету, Базель III стандарттарына көшу қосымша инвестициялар мен банк жүйесін капиталдандырудың жоғары деңгейін талап етеді.

Кеңес аталған мақсаттарды іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды 100 миллиард теңгеге дейін көтерудің тәсілдерін қарастырды.

Инталандыру шарасы ретінде екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын ұлғайту 5 жылдық ауыспалы кезең ішінде көзделеді. Сонымен қатар Ұлттық Банк депозиторлардың мүддесін қорғау үшін тұрғындардың тартылатын депозиттерінің көлеміне екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының деңгейіне барабар лимит белгілейтін болады.

Банк секторын капиталдандыруды арттыру жөніндегі шаралар кешені банк секторын шоғырландырумен, ұлттық шекара шеңберінде және Еуразиялық экономикалық одақ көлемінде Қазақстан банктерінің бәсекеге қабілеттілігін жақсартумен қатар жүргізілуге тиіс.

Сонымен қатар екінші деңгейдегі шағын және орта банктер банк қызметін, оның ішінде Ұлттық Банк белгілеген лимиттер шегінде жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау бойынша қызметін жалғастыру мүмкіндігін сақтап қалады.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерді капиталдандыруды арттыру жөніндегі көрсетіліп отырған шараларын Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ қолдады.

*Неғұрлым жан-жақты ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39,
E-mail: press@nationalbank.kz*

2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.08	02-04.08	05.08	06.08	07.08	08.08	09-11.08	12.08	13.08	14.08	15.08
Австралия доллары	AUD	170,25	169,01	169,60	169,95	169,46	168,42	168,60	168,51	168,93	169,39
Әзірбайжан манаты	AZN	234,31	232,78	232,74	232,70	232,65	232,65	232,65	232,65	232,65	232,65
Ағылшын фунт стерл.	GBP	309,32	306,51	306,32	307,25	306,45	305,83	305,54	305,18	305,81	303,45
100 Белорусь рублі	BYR	1,78	1,77	1,77	1,77	1,77	1,77	1,76	1,76	1,76	1,76
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	81,61	80,57	80,66	80,60	79,81	79,24	79,76	80,00	79,92	79,82
10 Венгер форингі	HUF	7,87	7,76	7,81	7,80	7,71	7,73	7,77	7,75	7,74	7,76
1 Гонконг доллары	HKD	23,65	23,49	23,49	23,49	23,48	23,48	23,48	23,48	23,48	23,48
Дат кронасы	DKK	32,92	32,71	32,79	32,71	32,62	32,69	32,69	32,59	32,59	32,62
БАӘ дирхамы	AED	49,90	49,57	49,56	49,56	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55	49,55
АҚШ доллары	USD	183,28	182,08	182,05	182,04	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00	182,00
Еуро	EUR	245,41	243,79	244,42	243,82	243,17	243,63	243,66	242,90	242,93	243,15
Үнді рупиясы	INR	3,03	2,99	2,98	3,00	2,97	2,96	2,97	2,98	2,97	2,98
Канада доллары	CAD	167,98	166,53	166,61	166,66	165,92	166,67	165,91	166,35	166,71	166,97
Қытай юані	CNY	29,69	29,47	29,47	29,50	29,53	29,57	29,58	29,56	29,58	29,58
Қырғыз сомы	KGS	3,54	3,52	3,53	3,53	3,53	3,52	3,52	3,50	3,50	3,50
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	17,83	17,55	17,62	17,71	17,61	17,56	17,66	17,72	17,68	17,83
Қувейт динары	KWD	647,40	642,94	643,29	643,02	642,66	642,66	642,66	642,43	642,43	642,43
Литва литі	LTL	71,10	70,63	70,82	70,64	70,44	70,58	70,59	70,38	70,39	70,45
Малайзия ринггиті	MYR	57,36	56,71	56,87	57,13	56,90	56,77	56,94	56,97	57,02	57,26
Молдова лейі	MDL	13,28	13,14	13,16	13,19	13,19	13,27	13,36	13,34	13,35	13,31
Норвег кронасы	NOK	29,24	28,95	29,00	29,06	28,96	29,11	29,40	29,45	29,54	29,59
Польша злотыйы	PLN	58,95	58,21	58,54	58,51	58,01	57,77	58,05	57,77	57,88	58,16
Ресей рублі	RUB	5,16	5,09	5,10	5,09	5,03	4,99	5,03	5,04	5,02	5,05
Сауд Аравиясының риялы	SAR	48,87	48,55	48,54	48,54	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53	48,53
СДР	XDR	281,00	278,82	278,74	278,92	278,75	278,70	278,81	278,70	278,26	278,21
Сингапур доллары	SGD	146,95	145,71	146,05	146,18	145,85	145,50	145,57	145,53	145,59	145,99
Тәжік сомониі	TJS	36,68	36,59	36,62	36,61	36,61	36,53	36,34	36,34	36,41	36,41
Таиланд баты	THB	5,71	5,65	5,66	5,67	5,66	5,67	5,67	5,68	5,69	5,71
1 түрік лирасы	TRY	85,86	84,87	85,51	85,65	84,22	83,69	84,45	84,21	84,19	84,30
100 Өзбек сомы	UZS	7,87	7,82	7,82	7,82	7,82	7,82	7,82	7,82	7,82	7,82
Украин гривнасы	UAH	14,96	14,84	14,75	14,79	14,72	14,62	14,33	13,78	14,11	14,05
Чех кронасы	CZK	8,92	8,82	8,84	8,83	8,76	8,77	8,76	8,74	8,73	8,73
Швед кронасы	SEK	26,62	26,49	26,50	26,49	26,33	26,33	26,47	26,43	26,45	26,48
Швейцар франкі	CHF	201,76	200,48	200,98	200,31	200,11	200,84	200,84	200,09	200,24	200,64
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	17,12	16,97	17,07	17,10	16,90	16,91	16,99	17,07	17,14	17,21
1 жапон йенасы	JPY	1,78	1,77	1,77	1,77	1,78	1,79	1,78	1,78	1,78	1,78

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
14.07-18.07	183,52	183,52	0,00	1 083,95
21.07-25.07	183,53	183,53	0,00	1 214,95
28.07-01.08	183,28	182,83	-0,38	2 630,70
28.07.2014	183,52	183,52	0,00	281,50
29.07.2014	183,52	183,53	0,01	358,40
30.07.2014	183,53	183,53	0,00	178,90
31.07.2014	183,53	183,28	-0,14	648,45
01.08.2014	183,28	182,08	-0,65	1 163,45
04.08-08.08	182,04	182,02	-0,44	2 432,45
04.08.2014	182,08	182,05	-0,02	719,05
05.08.2014	182,05	182,04	-0,01	352,00
06.08.2014	182,04	182,00	-0,02	380,30
07.08.2014	182,00	182,00	0,00	260,60
08.08.2014	182,00	182,00	0,00	720,50

* - өткен кезеңге өзгерістер.




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа алынған тиімді кірістілік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
02.06-06.06	-	-	-	-
09.06-13.06	3,44	57,89	6,78	19,9
16.06-20.06	1,42	70,04	7,52	39,8
23.06-27.06	1,74	72,94	6,73	25,5
30.06-04.07	-	-	-	-
07.07-11.07	1,49	39,90	6,65	8,3
14.07-18.07	1,59	92,16	7,25	23,5
21.07-25.07	2,22	87,68	7,31	42,9
28.07-01.08	2,37	81,99	8,05	48,7
04.08-08.08	0,78	100,0	7,13	7,8
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
02.06-06.06	-	-	-	-
09.06-13.06	-	-	-	-
16.06-20.06	-	-	-	-
23.06-27.06	-	-	-	-
30.06-04.07	-	-	-	-
07.07-11.07	0,30	100,0	3,27	3,0
14.07-18.07	0,30	100,0	3,27	3,0
21.07-25.07	0,40	100,0	3,23	4,0
28.07-01.08	-	-	-	-
04.08-08.08	0,69	100,0	3,32	6,9

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБК			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	орташамерзімді	қысқамерзімді	
23.05.14	3 778 030,16	3 173 053,12	558 967,85	35 119,19	10 890,00
30.05.14	3 804 658,04	3 199 681,00	558 967,85	35 119,19	10 890,00
06.06.14	3 797 693,16	3 199 681,00	558 967,85	28 154,31	10 890,00
13.06.14	3 817 623,51	3 219 611,35	558 967,85	28 154,31	10 890,00
20.06.14	3 857 435,54	3 259 423,38	558 967,85	28 154,31	10 890,00
27.06.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
04.07.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
11.07.14	3 879 942,78	3 278 348,00	573 817,85	13 910,93	13 866,00
18.07.14	3 901 458,78	3 301 848,00	573 817,85	13 910,93	11 882,00
25.07.14	3 907 868,78	3 326 848,00	551 259,85	13 910,93	15 850,00
01.08.14	3 952 575,54	3 375 500,76	551 259,85	13 910,93	11 904,00
08.08.14	3 967 301,54	3 383 283,76	551 259,85	13 910,93	18 847,00

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
04.08.2014	4,748
05.08.2014	4,797
06.08.2014	4,793
07.08.2014	4,792
08.08.2014	4,791
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-1,900</i>
<i>апта үшін</i>	<i>0,043</i>




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
28.07-01.08	260,8	5 186,0	56,0	418,2	111,0	-9,7
04.08-08.08	292,2	3 641,5	-29,8	379,7	106,6	-4,0

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	01.08.2014	08.08.2014	кезең үшін	2001ж. желт. бастап
Dow Jones	16 493,37	16 553,93	0,37%	63,30%
Nikkei 225	15 523,11	14 778,37	-4,80%	40,18%
DAX	9 210,08	9 009,32	-2,18%	74,60%
FTSE	6 679,18	6 567,36	-1,67%	26,33%
Hang Seng	24 532,43	24 331,41	-0,82%	112,84%




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	01.08.2014	08.08.2014	кезең үшін	2001ж. желт. бастап
USD/JPY	102,61	102,04	-0,56%	-22,17%
GBP/USD	1,6821	1,6773	-0,29%	15,57%
EUR/USD	1,3427	1,3410	-0,13%	51,44%
USD/RUR	35,44	36,25	2,27%	18,87%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		01.08.2014	08.08.2014	кезең үшін	2001ж. желт. бастап
алтын	тр.ун.	1293,3	1311,0	1,36%	373,87%
мыс	метр.тонна	7 088,5	7 070,8	-0,25%	384,15%
мырыш	метр.тонна	2 343,0	2 289,5	-2,28%	196,76%
мұнай	баррель	103,56	103,73	0,16%	410,99%
астық	тонна	196,12	201,35	2,67%	99,63%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)
07.07.14-11.07.14								
KZT	206 200 000	2,75	0	0,00	605 000	3	0	0,00
USD	1 500	0,50	0	0,00	3 527 257	0,05	0	0,00
EURO	7 500	0,01	0	0,00	1 300	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 093 400	6,64	0	0,00
14.07.14-18.07.14								
KZT	152 400 000	2,74	0	0,00	2 288 000	2	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	4 787 885	0,04	4 700	12,00
EURO	10 400	0,01	0	0,00	300	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	4 638 200	7,27	400 000	8,83
21.07.14-25.07.14								
KZT	188 800 000	2,76	5 000 000	7,00	125 000	3	0	0,00
USD	9 000	0,01	0	0,00	3 557 816	0,05	2 000	12,00
EURO	7 300	0,01	0	0,00	2 100	0,40	0	0,00
RUR	40 000	8,70	0	0,00	3 041 900	7,39	0	0,00
28.07.14-01.08.14								
KZT	143 600 000	2,74	900 000	7,00	145 000	4	0	0,00
USD	33 000	0,20	5 000	4,00	3 103 410	0,04	0	0,00
EURO	30 800	0,53	0	0,00	3 000	0,50	0	0,00
RUR	90 000	6,00	0	0,00	2 583 000	7,30	400 000	11,00


*- мың валюта бірлігі



1.1. Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)

Кезеңдер, валюталардың түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(мың валюта бірлігі)	бір валюта үшін теңгемен		
07.07.14-11.07.14 USD RUB EUR	116 115 177 018 7 355	35 150 145 600 205	30,3 82,3 2,8	183,53 5,39 250,34	183,54 5,39 250,19
14.07.14-18.07.14 USD RUB EUR	100 641 211 667 660	45 730 142 000 659	45,4 67,1 99,8	183,53 5,31 248,72	183,54 5,29 248,72
21.07.14-25.07.14 USD RUB EUR	98 999 122 909 1 560	60 920 84 700 1 560	61,5 68,9 100,0	183,54 5,25 247,49	183,55 5,25 247,49
25.07.14-01.08.14 USD RUB EUR	186 310 257 280 835	100 990 225 358 805	54,2 87,6 96,4	183,02 5,13 246,22	183,07 5,13 246,30

* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы




Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы

Экономиканың нақты секторындағы экономикалық конъюнктураның инвестициялық климаттың және қаржы-экономикалық жай-күйінің өзгеруі 2014 ж. 2-тоқсанда (нақты) және 2014ж. 3-тоқсанда (күтулер)

I. Шаруашылық жүргізудің жалпы жағдайының және олардың факторларының конъюнктурасы
1.1. Валюта бағамының ықпалы


Валюта бағамы өзгерісінің кәсіпорындардың 2014 жылғы 2-тоқсандағы шаруашылық қызметіне ықпалы



2014ж. 2-тоқсанда теңгенің АҚШ долларына, еуроға және ресей рубліне бағамының өзгерісінің шаруашылық қызметіне теріс әсерін бастан кешірген кәсіпорындардың үлесі (тіпсіңше 36,2%, 25,4% және 28,6%-ға дейін) едәуір төмендеді. Теңгенің АҚШ долларына, еуроға және ресей рубліне бағамының өзгеруі шаруашылық қызметіне әсер етпеген және теңгенің осы валюталарға бағамының өзгерісінен оң ықпалын байқаған кәсіпорындар үлесі (тіпсіңше 50,2%, 55,7%, 55,4%-ға дейін) ұлғайды.


1.2. Айналым қаражатын қаржыландыру көздерін бағалау

2014ж. 2-тоқ. банктердің кредитін айналым қаражатын толықтыру үшін пайдаланған кәсіпорындар саны ұлғайды (17,4%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі (81,8%) осы мақсатқа меншік қаражатын пайдаланады.



1.3. Инвестицияларды қаржыландыру көздерін бағалау


2014ж. 2-тоқ. кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі ұлғайды. Инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі (33,1%-ға дейін) төмендеді, кредиттерді осы мақсатқа пайдаланған кәсіпорындардың үлесі (тиісінше 61,2%-ға және 6,1%-ға дейін) ұлғайды.



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы

II. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы 2.1. Ағымдағы тоқсанда кредит алуға ниет білдіргендер (қажеттілік)




Кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілік тұтастай алғанда, экономика бойынша аздап төмендеді: кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі 2014ж. 3-тоқ. 23,3% болды. Өңдеу өнеркәсібінде банктердің кредиттеріне қажеттілік (2014 жылғы 2-тоқсандағы 19,5%-дан 16,9 %-ға дейін) төмендеді, ал өңдеуші өнеркәсіпте өзгерген жоқ (30,1%).

2.2. Кәсіпорындардың банктердің кредитіне қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі



2014ж. 2-тоқ. банкке кредит алуға өтініш берген (2014ж. 1-тоқ. 23,0%-дан 24,7%-ға дейін) және оны алған (2014ж. 1-тоқ. 20,0%-дан 20,7%-ға дейін) кәсіпорындардың үлесі аздап ғана ұлғайды. Кредит беруден бас тартылған кәсіпорындардың үлесі 4,0%-ға дейін аздап ұлғайды.

2.3. Кредиттеу талаптары:



2014ж. 2-тоқ. теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме бұрынғы деңгейде қалды (11,8%), ал шетел валютасымен берілген кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме (2014 ж. 1-тоқ. 9,5%-дан 8,5%-ға дейін) төмендеді. Кәсіпорындар үшін теңгемен кредиттер бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме 8,8%, шетел валютасымен – 7,1% болды

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы

2.3.1 Салаларға қатысты алынған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер


Экономиканың негізгі салалары	теңгемен								шетел валютасымен				
	2013-1	2013-2	2013-3	2013-4	2014-1	2014-2	2013-1	2013-2	2013-3	2013-4	2014-1	2014-2	
Экономика бойынша	12,1	12,1	12,1	12,1	11,9	11,8	9,7	9,5	10,1	9,2	9,5	8,5	
Ауылшаруашылығы, орман және балық аулау шаруашылығы	12,7	11,5	11,4	11,6	11,6	11,1	9,5	9,9	12,0	10,5	13,0	-	
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді эзірлеу	11,3	12,2	10,5	11,3	11,3	10,8	7,7	8,4	9,9	8,3	8,3	8,2	
Өңдеуші өнеркәсіп	11,6	11,6	11,6	11,6	11,6	11,4	9,2	9,7	9,2	9,5	9,8	8,6	
Құрылыс	12,9	13,0	12,6	12,8	12,4	12,6	12,2	10,3	10,4	11,3	9,1	10,2	
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	12,2	12,2	12,2	12,2	12,1	11,9	10,6	10,4	10,5	10,7	10,2	8,6	
Көлік және қоймаға алу	12,6	11,7	12,2	11,6	12,7	12,5	10,7	7,4	10,4	7,2	9,3	8,8	

2014 ж. 2-тоқ. кредиттер бойынша ең төменгі пайыздық мөлшерлеме тау-кен өндіру өнеркәсібінде байқалды: теңгемен - 10,8%, шетел валютасымен - 8,2%. Теңгемен және шетел валютасымен кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме құрылыста (тіісінше 12,6% және 10,2%) байқалды.

2.4. Кәсіпорындардың банктердегі депозиттер көлемінің өзгеруі

Депозиттердің көлемін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013 ж.		2014 ж.		2014 ж.	
		3-тоқ.	4-тоқ.	1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.	күту
1	Ұлғаюы	4,5	5,1	3,8	5,0	3,3	
2	Өзгерістер жоқ	10,9	9,9	10,3	10,3	9,3	
3	Төмендеуі	2,7	3,0	3,2	2,7	1,8	
4	Салған жоқ	82,0	81,9	82,7	82,1	80,1	
5	Салады (1-жол+2-жол+3-жол)	18,0	18,0	17,3	17,9	14,4	
6	Диффузиялық индекс *	50,9	51,0	50,3	51,2	50,8	




2014ж. 2-тоқ. кәсіпорындардың банктердегі депозиттерінің көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда аздал ұлғайды (депозиттердің өзгеруінің диффузиялық индексі 51,2% болды).

* 10-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы


2.5 Банктердің кредиттерінің кәсіпорындар үшін қолжетімділігі



2014ж. 2-тоқ. кредит беруден бас тартылған кәсіпорындар үлесінің әлсіз ұлғаюы байқалады (өткен тоқсандағы 3,0%-дан 4,0%-ға дейін). Алайда осындай кәсіпорындардың үлесі аз ғана болып қалып отыр. Шағын және орта кәсіпорындар үшін кредиттер барынша қолжетімді болды.


2.6. Банктердің кредиттері бойынша кәсіпорындардың берешегі

Банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындар санының серпіні



2014 ж. 2-тоқ. банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 38,2%-ға (2014ж. 1-тоқ. - 37,7%) дейін ұлғайды, бұл ретте кәсіпорындардың 26,6%-да берешек өзгерген жоқ, 6,0% - азайды, 5,6% - ұлғайды.

Борыштық жүктеме серпіні (кәсіпорындардың барлық міндеттемелерінің меншік капиталына қатынасы)



2014 ж. 2-тоқ. борыштық жүктемесі ұлғайған кәсіпорындардың үлесі айтарлықтай төмендеді (2014 ж. 1-тоқ. 82,2%-дан 43,2%-ға дейін), бұл ретте кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі банктердің қарыздарының үлесі аздап (2014 ж. 1-тоқ. 46,2%-дан 45,3%-ға дейін) азайды.


Кәсіпорындардың активтерінің және банктердің кредиттері бойынша берешектің серпінін салыстырып тексеру

Кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілігі, тұтастай алғанда экономика бойынша аздап ұлғайды: кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі 2014 ж. 2-тоқ. 23,8% болды.

Өңдеу өнеркәсібіне қажеттілік экономика бойынша тұтастай алғанда, айтарлықтай жоғары болып калып отыр -29,8%

2014ж. 2-тоқ. кәсіпорындардың банктердің кредиттері бойынша берешегі іс жүзінде өзгерген жоқ (диффузиялық (ДИ)* (49,5%) болды, бұл ретте кәсіпорындардың активтері өсті (ДИ 2014 ж. 1-тоқ. 49,8%-дан 56,8% ұлғайды).

* 10-беттегі әліснамалық түсінікті қараңыз



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы

III. Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

3.1. Кәсіпорындардың дайын өнімге сұраныс конъюнктурасы (ДӨ)

Дайын өнімге сұраныстың деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

№	Кәсіпорындардың жауаптары	2013 ж. 3-тоқ.	2013 ж. 4-тоқ.	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 3-тоқ. күту
1	Ұлғаюы	21,9	20,2	13,1	23,3	20,6
2	Өзгермеуі	60,0	58,4	57,7	56,8	47,2
3	Төмендеуі	17,8	21,4	29,2	19,7	9,0
4	1-бет-3-бет	4,2	-1,2	-16,1	3,6	11,6
5	ДӨ сұраныс өзгерістерінің диффузиялық индексі*	52,1	49,4	41,9	51,8	55,8




2014ж. 2-тоқ. дайын өнімге сұраныс едәуір ұлғайды, мұны диффузиялық индексі (ДИ) куәландырады, ол 51,8 болды. (Кәсіпорындардың 23,3%-ы дайын өнімге сұраныстың ұлғаюын, және 19,7%-ы - сұраныстың төмендеуін атап өтті). 2014ж. 3-тоқ. кәсіпорындардың күтулері бойынша сұраныс едәуір ұлғаяды: ДИ 55,8% болды.

3.2. Кәсіпорындардың дайын өнімінің бағасының өзгеруі

ТБИ серпінімен шығарылған тауарлар мен қызметтерге бағасының серпінін салыстырып тексеру

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013 ж. 3-тоқ.	2013 ж. 4-тоқ.	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 3-тоқ. күту
1	Ұлғаюы	15,8	17,0	38,2	20,1
2	Өзгермеуі	11,9	7,4	2,7	1,5
3	Төмендеуі	52,0	54,8	67,7	59,3
4	1-жол-3-жол	-36,2	-37,8	-29,6	-39,2
5	ДӨ сұраныс өзгерістерінің диффузиялық индексі*	52,0	54,8	67,7	59,3



2014ж. 2-тоқ. тұтыну тауарлары және қызмет бағасының өсуі байқалады. ДИ 61,8 белгісіне дейін (2014 ж. 1-тоқ. 67,7%-дан) төмендеді. 2014ж. 3-тоқ. бағаның одан әрі өсуі, бірақ барынша төмен қарқынмен өсуі күтіледі: ДИ 59,3% болды.

* 10-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз


Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы

3.3. Кәсіпорындар сатып алған шикізат пен материалдар (Ш жәнеМ) бағасының өзгеруі

Шикізат пен материалдар бағасының деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру


№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013 ж. 3-тоқ.	2013 ж. 4-тоқ.	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 3-тоқ. күту
1	Ұлағаты	40,1	41,1	66,7	59,9	40,9
2	Өзгермеуі	56,5	57,3	32,1	39,1	32,3
3	Төмендеуі	2,9	1,5	1,1	1,0	0,6
4	1-бет-3-бет	37,2	39,6	65,6	59,0	40,3
5	Ш және М бағасы өзгерістерінің диффузиялық индексі *	68,6	69,8	82,8	79,5	70,2



2014ж. 2-тоқ. экономика бойынша шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны елдегі 1-тоқ. – 82,8) болды. 2014ж. 2-тоқ. экономика бойынша тұтастай алғанда шикізат пен материалдар бағасының одан әрі өсуі күтіледі, бірақ өсу қарқыны елдегі 1-тоқ. – 79,5% (2014ж. 1-тоқ. – 82,8) болды. 2014ж. 2-тоқ. экономика бойынша тұтастай алғанда шикізат пен материалдар бағасының одан әрі өсуі күтіледі, бірақ өсу қарқыны елдегі 1-тоқ. – 70,2% болды.


IV. Іскерлік белсенділіктің және қаржы-экономикалық әлуеттің өзгеруі

4.1. Еңбек өнімділігі және өндіріс көлемі өзгерістерінің серпіні (маусымдық-тегістеу қатары негізінде)



2014ж. 2-тоқ. еңбек өнімділігі және шығарылған өнім көлемі төмендемеген кәсіпорындардың үлесі аздап ұлғайды (тиісінше 70,5% және 65,5% дейін).

4.2. Жұмыспен қамтылғандар саны және орташа жалақы өзгерістерінің динамикасы (маусымдық-тегістеу қатары негізінде)




2014ж. 2-тоқ. орташа жалақы төмендеген кәсіпорындардың үлесі (70,2%-ға дейін) едәуір ұлғайды, ал жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны төмендемеген кәсіпорындардың үлесі аздап (64,2%-ға дейін) төмендеді.

* 10-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Зерттеулер және стратегиялық талдау департаменті, Кәсіпорындар мониторингі басқармасы


4.3. Өтімділікті бағалау

2014ж. 2-тоқ. өтімділігі төмен кәсіпорындардың үлесі (АӨҚ<1) (36,0%) аздап төмендеді, жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті (2,0%-ға дейін) төмендеді.




4.4. Іскерлік белсенділікті бағалау

2014ж. 2-тоқ. кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі едәуір көтерілді: активтердің және айналым қаражатының айналымдылығы тиісінше 16,5%-ға және 43,3%-ға дейін ұлғайды. Активтердегі айналым қаражатының үлесі едәуір (38,1%-ға дейін) ұлғайды.




4.6. Сатылған өнімнің рентабельділігін бағалау және талдау

2014ж. 2 -тоқ. нақты сектордың қаржылық жай-күйі аздала жақсарды: зиян шеккен және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі (2014 ж. 1-тоқ. 24,5%-дан 22,0%-ға дейін) төмендеді. Рентабельділігі орта және жоғары кәсіпорындардың үлесі (2014 ж. 1-тоқ. 42,7%-дан және 32,8%-дан тиісінше 43,8%-ға және 34,3%-ға дейін) ұлғайды.



Сату рентабельділігі (салық салғанға дейін) орта есеппен алғанда нақты сектор бойынша төмендеді (40,7%-ға дейін), тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіш 64,1% (2014ж. 1-тоқ. - 66,3%), ал өндіру өнеркәсібінде 25,2%-ға дейін (2014ж. 1-тоқ. - 24,6%) ұлғайды.



***Талдама шолуға әдіснамалық түсінік:**

1. II, III бөлімдерге.

Көрсеткіштер мынадай есептік деректермен ұсынылды: кәсіпорындар жасауының арасындағы пайыздық арақатынас, оң және теріс жасаулар саны арасындағы айырма және т.б. Кестелерде және т.б. базаларда көрсетілген диффузиялық индекс оң жасаулар мен "өзгеріссіз" жасаулардың жаратысының сомасы ретінде шығарылды. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің (Еуропаның ВТБ Банкінің, Англияның тәжірибесі бойынша) өзгеру динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Егер оның мәні 50 деңгейден жоғары болса, бұл - оң өзгерісті, егер 50 деңгейден төмен болса - теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте, диффузиялық индекстің мәні бұдан әрі 50 деңгейден (жоғары немесе төмен) болса, онда көрсеткішті өзгеру (ұлғаю немесе азаяу) қарқыны жоғары. Банктердің кредиттері бойынша "түімді пайыздық мөлшерлеме" көрсеткіші (2.3. бөлімшесінде) еңбек рентабелділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда олар үшін қолайлы ретінде мониторингке қатысушы кәсіпорындар қоятын орташа пайыздық мөлшерлеме ретінде есептеледі.

2. IV бөлімге.

Бөлімдегі көрсеткіштер пікіртерім жүргізілген кәсіпорындарды іріктеу бойынша тұпастай алғанда есептелген қаржы коэффициенттерінің орташа мәнімен, сондай-ақ қажет болған кезде салалық бөлікте кәсіпорындардан алынған баланстың тоқсан аясындағы көрсеткіштерінің күтілетін мәндерін бағалау негізінде ұсынылды. Бұл ретте осы бағалар, сондай-ақ олардың негізінде есептелетін орташа бағалар олардың абсолютті дәл мәндерін алуды мақсат етпейді (өйткені олар есептік болып табылмайды), экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының өзгеру үрдістерін бағалауды және талдауды жедел алуға қызмет етеді.

3. V бөлімге.

Әлемдік практикада, көптеген елдерде, КИ экономикадағы көтерулер мен түсулердің басталуы және ауысуы кезінде циклдық өзгерістерді көрсету және бұрылыс нүктелерін айқындау үшін пайдаланылады. Бұл ретте КИ басымдық қасиетке ие болып отыр. Яғни, бұрылыс нүктелері оның динамикасында экономикаға қарағанда ерте басталады (КИ және циклдық құрайтын жапты ішкі өнім динамикасын салыстыра отырып белгіленеді). КИ мұндай сапасы оның құрамдас бөліктеріне көбінесе осындай сападағы индикаторлармен іріктеліп қамтамасыз етіледі. Кәсіпорындардың конъюнктуралық пікіртерінің нәтижелері бойынша қалыптастырылған кейбір индикаторлар осындай сапаға ие болып отыр, бұл тұпастай алғанда, экономика бойынша өзгерістер болғанда осы индикаторлардың сыртқы күйзелістерге әсерінің ерте болуына байланысты.

ҚРҰБ осы пікіртерім бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінен КИ компоненті ретінде мынадай басым индикаторлар кірді: банктердің кредиттерін айналым қаражатын қаржыландыру үшін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі; банктердің кредиттерін негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі; банкке кредит үшін өтініші берген, бірақ оны алмаған кәсіпорындардың үлесі; «өндіру өнеркәсібі», «сауда» салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруі; өндіріс көлемі азайған кәсіпорындардың үлесі; жұмыспен қамтылғандар саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі. КИ орташа алынған, сұрыпталған құрамдас бөлік ретінде есептелінеді, бұл ретте құрамдас бөліктер алдын ала стандарттандырылады, яғни бір (біркелкі емес) өлшем бірлігіне келтіріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жылғы 18 наурыз

№ 53

*Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін
беру қағидаларын бекіту туралы*

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 158 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5393 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 маусымда № 9483 тіркелді

Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру қағидалары

1. Осы Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру және мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жауапты қызметкер - уәкілетті органның ұлттық сәйкестендіру нөмірін (ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін) беруге жауапты қызметкері;

2) ұлттық сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ҰСН) – уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарға оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріпті-цифрлық код;

3) эмитент - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы.

3. Уәкілетті орган эмитент Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН береді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беруді уәкілетті орган шығарылым туралы мынадай мәліметтер бар ҰСН беру туралы электрондық сұраныс негізінде жүргізеді:

1) мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі - олардың толық атауы (қысқаша атауы, аббревиатурасы);

2) шығарылым валютасы;

3) айналыс мерзімі;

4) эмитент пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі;

5) болжанған орналастыру күні;

6) орналастыру көлемі;

7) өтеу күні.

5. Жергілікті атқарушы органдар шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беруді уәкілетті орган эмитенттің еркін нысанда жасалған және осы шығарылым туралы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер бар жазбаша сұранысы негізінде жүргізеді.

6. Эмитент болжап отырған біреуден астам шығарылымға, оның ішінде белгілі бір уақыт кезеңінен бұрын Қағидалардың 4 және 5-тармақтарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беруге бір сұраныс жасауға рұқсат беріледі.

7. Жауапты қызметкер эмитенттің сұранысын алғаннан кейін оның мына бөліктерде жасалуының дұрыстығын тексереді:

1) Қағидалардың 4-тармағына сәйкес сұраныста көрсетілуге тиісті мәліметтердің толықтығын;

2) мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті шығарылымын көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар түріне белгілеу көрсетудің дұрыстығын;

3) мемлекеттік бағалы қағаздардың болжанған шығарылымының реттік нөмірінің мемлекеттік бағалы қағаздардың осы түрінің алдыңғы шығарылымдары туралы уәкілетті органда бар ақпаратқа сәйкес келуін.

8. Эмитенттің сұранысында көрсетілген мәліметтер Қағидалардың 4, 7-тармақтарының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган ҰСН береді және сұранысқа электрондық не жазбаша жауап жібереді, онда мыналар болады:

эмитент пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі;

ҰСН (егер ол берілсе);

бас тарту себебі (егер ҰСН беруден бас тартылса).

9. Уәкілетті орган эмитенттің ҰСН беруге сұранысын оны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде

қарайды (осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайды қоспағанда).

Егер эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарға алты және одан астам болжанған шығарылымдарына ҰСН беруге сұраныс жасалса, уәкілетті орган эмитенттің сұранысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҰСН береді.

Уәкілетті орган мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беруді Қағидалардың 1-қосымшасында көзделген мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰСН беру үлгісінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың ҰСН құру Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың ҰСН төртінші позициясын толған кезде мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің кодтары пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздардың кодтары Қағидалардың 3-қосымшасындағы 1-кестеде берілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздардың кодтары Қағидалардың 3-қосымшасындағы 2-кестеде берілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздардың кодтары Қағидалардың 3-қосымшасындағы 3-кестеде берілген.

ҰСН құру кезінде әріптік символдарды санмен ауыстыру Қағидалардың 4-қосымшасындағы кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰСН-нің есебін жүргізу мыналарды:

1) эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына берілген ҰСН тіркеудің электрондық деректер базасы түріндегі электрондық журналын (бұдан әрі - электрондық журнал);

2) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздарына ҰСН беру мәселелері бойынша хат-хабар алмасу файлдарын (бұдан әрі – хат-хабар алмасу файлдары) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

11. Электрондық журналға мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) ҰСН беру туралы өтінімді тіркеу күні;

2) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің атауы;

3) ҰСН беруге сұрату нөмірі;

4) ҰСН беруге сұрату күні;

5) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін эмитент қолданатын нөмірлеуге сәйкес сандық белгілеуі;

6) ҰСН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі;

7) берілген ҰСН;

8) жауапты қызметкердің тегі, аты, бар болса әкесінің аты.

12. ҰСН иелену күні электрондық журналға енгізілетін берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың ҰСН туралы ақпарат.

13. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарына ҰСН беру бойынша құжаттар хат-хабар алмасу файлдарына хронологиялық тәртіппен тігіледі. Хат-хабар алмасу файлдарына енгізілген құжаттардың барлық парақтары төменгі оң жақ бұрышында нөмірленеді. Хат-хабар алмасу файлдары аяқталғаннан кейін онда бар құжаттардың тізімдемесі енгізіледі.

Мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін
беру қағидаларына
1-қосымша

*Мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру үлгісі*

Берілді (үлгінің шарттары):

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алты ай айналыс мерзімімен мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерін (бұдан әрі - МЕККАМ) айналысқа шығарады; шығарылымның реттік нөмірі – 123.

1-қадам:

ҰСН позициясы нөмірлері	Символдар	Түсініктемелер
1-2	KZ	Эмитент елінің таңбалануы (1-тармақша) Қағидалардың 2-қосымшасының 2-тармағы)
3	K	Мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің таңбалануы: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мемлекеттік бағалы қағаздар эмитенті ретінде «K» символы сәйкес келеді (Қағидалардың 2-қосымшасының 3-тармағы)
4	1	Мемлекеттік бағалы қағаздар кодының таңбалануы: МЕККАМ–ға «1» символы сәйкес келеді (Қағидалардың 2-қосымшасының 4-тармағы және 3-қосымшасының 1-кестесі)
5	K	Шығарылым валютасын таңбалау: МЕККАМ номиналдық құны «K» символы сәйкес келетін қазақстандық теңгеде көрсетіледі (Қағидалардың 2-қосымшасының 6-тармағы)
6	M	Мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімін өлшеу бірліктерін таңбалау: МЕККАМ айналыс мерзімі «M» символы сәйкес келетін айлармен өлшенеді (Қағидалардың 2-қосымшасының 7-тармағы)
7-8	06	Мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімі айлармен таңбалауы: осы шығарылымдағы МЕККАМ-ның айналыс мерзімі 10 айдан кемді құрайтындықтан, ҰСН жетінші позициясында «0» (нөл) символы көрсетіледі (Қағидалардың 2-қосымшасының 8-тармағы)
9-11	123	Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымын реттік нөмірін таңбалау (Қағидалардың 2-қосымшасының 9-тармағы)

Нәтижесінде осы эмиссияның МЕККАМ ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН он екінші позициясындағы бақылаусыз цифрлар) былайша көрініс табады:

К Z К 1 К М 0 6 1 2 3

2-қадам:

Қағидалардың 4-қосымшасындағы кестеге сәйкес әріптік символдарды күндермен ауыстыру:

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

3-қадам:

Алынған күндік қатар цифрларын (оның оң жағынан бастап) коэффициентке көбейту: «2» - ҰСН реттік емес позициясында тұрған цифрлар үшін, немесе «1» - ҰСН реттік позициясында тұрған цифрлар үшін:

Күндік қатар (3-қадамның орындалу нәтижесі):

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

көбейту коэффициенттері:

1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2

көбейту нәтижесі:

1 1 8 3 6 1 1 8 1 2 9 4 1 0 6 2 2 6

4-қадам:

3-қадамды орындау нәтижесінде алынған қатардың цифрларын қосу:

$1 + 1 + 8 + 3 + 6 + 1 + 1 + 8 + 1 + 2 + 9 + 4 + 1 + 0 + 6 + 2 + 2 + 6 = 62$

5-қадам:

4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома «0»-ге аяқталмайтындықтан, осы сомадан асып отырған және он есенің барынша төменгісі болып табылатын күн анықталады. 62 сомасы үшін осындай күн 70 болып табылады. Тиісінше, бақылау цифры 8-ге тең (70 - 62).

Осы эмиссияның мемлекеттік бағалы қағаздарының толық ұлттық сәйкестендіру нөмірі мынаған тең:

К Z К 1 К М 0 6 1 2 3 8

*Мемлекеттік бағалы қағаздардың ұлттық
сәйкестендіру нөмірін құру*

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының ҰСН құру үшін араб цифрлары және латын әліпбиінің жазба (бас) әріптері («I» және «O» әріптерінен басқа) пайдаланылады.

2. ҰСН-ға қандай да болмасын тыныс белгісімен бөлінбеген, қатарынан он екі символ (солдан оңға санаумен) кіреді және мына үш бөліктен тұрады:

1) ҰСН-ның бірінші және екінші позицияларында орналасқан символдар эмитент елінің екі әріпті кодын білдіреді (Қазақстан Республикасы үшін «KZ» коды пайдаланылады);

2) ҰСН-ның үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші тоғызыншы оныншы және он бірінші позицияларында орналасқан символдар осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес жасалған негізгі нөмірлер болып табылады;

3) ҰСН-ның он екінші позицияда орналасқан символ осы қосымшаның 10-тармағына сәйкес есептелетін бақылау цифры болып табылады.

3. ҰСН-ның үшінші позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитентін білдіреді:

1) «K» - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

2) «W» - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

3) «A» - Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы;

4) «Z» - Астана қаласының жергілікті атқарушы органы.

4. ҰСН-ның төртінші позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың кодын білдіреді:

1) «1» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

2) «2» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

3) «3» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

4) «4» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

5) «5» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

6) «6» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

7) «7» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

8) «8» символы - шығарылым талаптарында олардың номиналды құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

9) «9» символы - Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына өтемақы төлеу мақсатында шығарылған құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

10) «А» символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

11) «В» символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

12) «С» символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

13) «D» символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде орналастыру кезінде айқындалатын, купон деп аталатын сыйақы төленеді;

14) «Е» символы - республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді бағалы қағаздары;

15) «F» символы - республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді бағалы қағаздары;

16) «G» символы - республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары;

17) «H» символы - республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары.

5. ҰСН төртінші позициясын толтыру кезінде пайдаланылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің кодтары Қағидалардың 3-қосымшасындағы 1, 2, 3-кестелерде берілген.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың жаңа түрі шығарылған жағдайда жауапты қызметкер мемлекеттік бағалы қағаздар түрлерінің анықтамалығына тиісті өзгерістерді енгізеді. Бұл ретте ҰСН төртінші позициясының коды болып символ – алдыңғылардан кейінгі латын әліпбиінің жазба (бас) әріптері («I» және «O» әріптерінен басқа) пайдаланылады.

6. ҰСН-ның бесінші позициясында орналасқан символ шығарылымның валютасын білдіреді:

1) «K» символы - қазақстандық теңге;

2) U» символы - АҚШ доллары;

3) «E» символы - еуро.

7. ҰСН-ның алтыншы позициясында орналасқан символ мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің өлшем бірлігін білдіреді:

1) «Y» символы - жылдар;

2) «M» символы - айлар;

3) «W» символы - апталар;

4) «D» символы - күндер.

8. ҰСН-ның жетінші және сегізінші позицияларында орналасқан символдар мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті өлшем бірлігіндегі айналыс мерзімін білдіреді.

Егер айналыс мерзімі оннан төмен тиісті өлшем бірлігін құраса, ҰСН-ның жетінші позициясында «0» (нөл) символы көрсетіледі.

9. ҰСН-ның тоғызыншы, оныншы және он бірінші позицияларында орналасқан символдар мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының олардың эмитенттері пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірін білдіреді.

Егер шығарылымның реттік нөмірі жүзден төмен болып құралса, ҰСН-ның тоғызыншы позициясында «0» (нөл) символы көрсетіледі.

Егер шығарылымның реттік нөмірі оннан төмен болып құралса, оныншы позицияда (ҰСН-нің тоғызыншы позициясындағы «0» символына қосымша) «0» (нөл) символы көрсетіледі.

Егер шығарылымның реттік нөмірі тоғыз жүз тоқсан тоғыздан асып кетсе, оның бірінші саны көрсетілмейді.

10. Бақылау цифры мынадай түрде есептеледі:

1) 1-қадам: осы қосымшаның 2-тармағы 1) тармақшасына және 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес ҰСН-ның бастапқы он бір позициялары толтырылады;

2) 2-қадам: ҰСН-ның позицияларында орналасқан әріптік символдар Қағидалардың 4-қосымшасындағы

кестеге сәйкес сандармен ауыстырылады;

3) 3-қадам: құрылған сандық қатардағы (оның оң жақ шетінен бастап) әрбір цифры мына коэффициентке көбейтіледі: «2» - ҰСН-ның тақ позицияларында орналасқан цифрлар үшін немесе «1» - ҰСН-ның жұп позицияларында орналасқан цифрлар үшін;

4) 4-қадам: 3-қадамды орындау нәтижесінде құрылған цифрлар қатары қосылады;

5) 5-қадам: егер 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома «0-мен» аяқталса, онда бақылау цифры «0» болып табылады. Керісінше жағдайда, 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған соманы осы сомадан асатын және он еседен төмен болып табылатын саннан алып тастау нәтижесі бақылау цифры болып табылады.

*Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған
мемлекеттік бағалы қағаздар кодтары*

Бағалы қағаздың түрі	Код
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығаратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ)	1
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі займның ұлттық жинақ облигациялары (НСО)	2
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелері (МЕКАВМ)	3
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелері (МЕКАВМ) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ)	4
Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигация (МАОКО)	9
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелері (МЕУЖКАМ)	А
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелері (МУИКАМ)	В
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелері (МОИКАМ)	С
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕУКАМ)	Д
Қазақстан Республикасының арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МАОКАМ)	Н

*Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған
мемлекеттік бағалы қағаздар кодтары*

Бағалы қағаздың түрі	Код
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгеде номинирленген қысқа мерзімді ноты	1
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетелдік валютада номинирленген қысқа мерзімді ноты	3

*Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы
қағаздар кодтары*

Бағалы қағаздың түрі	Код
Жергілікті атқару органдарының орта мерзімді бағалы қағаздары	E
Жергілікті атқару органдарының ұзақ мерзімді бағалы қағаздары	F
Жергілікті атқару органдарының орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары	G
Жергілікті атқару органдарының ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары	H

Мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін
беру қағидаларына
4-қосымша

кесте

Әріптік символдарды сандармен ауыстыру

A	10	F	15	L	20	R	25	W	30
B	11	G	16	M	21	S	26	X	31
C	12	H	17	N	22	T	27	Y	32
D	13	J	18	P	23	U	28	Z	33
E	14	K	19	Q	24	V	29		

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 6 мамыр

№ 78

Кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті кешіру қағидаларын және негіздерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті кешіру қағидалары және негіздері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 2014 жылғы 27 мамырда келісілген*

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 маусымда № 9535 тіркелді*

*Кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті
кешіру қағидалары және негіздері*

1. Осы Кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті кешіру қағидалары және негіздері (бұдан әрі – Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 90-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банк) кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті кешіру негіздерін және тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалар банк өзара байланысты тараптарға не Салық кодексіне сәйкес кредит (қарыз) жөніндегі шартты жасау күнінен бастап берешекті кешіру күніне дейін танылатын өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берген кредит (қарыз) бойынша берешек кешірілген кезде осы Қағидалар қолданылмайды.

2. Кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша үмітсіз берешекті кешіру Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес борышты кешіру нәтижесінде кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша талап ету құқығын тоқтату, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес негізгі міндеттеме сомасынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сауда-саттықтан ипотекалық шарт жасаған күні негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен кепіл мүлікті кепілге берілген мүлкін сатудан кейін өтелмеген кредиттің (қарыздың) сомасына сату кезінде кредит (қарыз) және оның сыйақысы бойынша талап ету құқығын тоқтату болып танылады.

Кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешекке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер бойынша банкроттық және тарату кезеңіндегі қарыз алушылардың кредит (қарыз) бойынша берешегі кірмейді.

Кредиттің (қарыздың) негізгі борышы бойынша берешек те, оның сыйақысы бойынша берешек те осындай кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешек болып табылады.

3. Қағидаларға сәйкес кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешек деп бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін кредит (қарыз) бойынша берешек түсініледі:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдай басталған күнінен бастап кредит (қарыз) және (немесе) оның сыйақысы бойынша берешек бойынша төлем мерзімі өткен күндердің саны күнтізбелік бір жүз сексен және одан көп күн құрайды;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес берешектің кешіруге жататын бөлігінің кемінде жүз пайызы мөлшерінде резервтер (провизиялар) қалыптастырылды не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8670 тіркелген) бекітілген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес бұрын қалыптасқан резервтер (провизиялар) есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық төлеушінің борышкерге талап ету құқықтарын тоқтатпай берешек бойынша есептен шығару жүргізілді;

3) Қағидалардың 4-тармағында көзделген талаптардың біріне сәйкес келеді.

4. Қағидалардың 3-тармағының 3) тармақшасын қолдану мақсаттары үшін мынадай талаптар пайдаланылады:

1) кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешек бойынша төмендегі талаптардың біріне сәйкес келетін кепілге салынған мүлік түріндегі қамтамасыз етудің болуы:

кепілге салынған мүлік бойынша соттан тыс сауда-саттықтың сатып алушының болмауы немесе сауда-саттықты жеңіп алған тұлғаның сатып алу бағасын енгізбеуіне байланысты екі реттен көп болмауы;

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 322-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша кепілдің тоқтатылуына байланысты кепілге салынған мүлікті өндіріп алу мүмкін емес;

кепіл ұстаушыға (банкке) байланысты емес себептер бойынша үмітсіз берешек бойынша кепілге салынған мүлік толық немесе ішінара жоғалған немесе бүлінген;

2) қарыз шартын жасау күні негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен, кепілге салынған мүлікті негізгі міндеттеменің сомасынан төмен баға бойынша сатқаннан кейін, оның ішінде орындалмаған кепілдік, кепілдеме, тұрақсыздық айыбы түріндегі қамтамасыз ету болған кезде:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда-саттықтан;

кепіл берушінің кепіл ұстаушының жазбаша келісімімен;

кепілге салынған мүлікті банк меншігіне айналдыру арқылы өткізгеннен кейін кредит (қарыз) бойынша берешектің болуы;

3) кредит (қарыз) беру күніне кепілді қамтамасыз етуі болмаған, не мемлекеттік тіркеуге жатпайтын кепілді қамтамасыз етуі болған кредит (қарыз) бойынша кешіру күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде үмітсіз берешектің болуы.

5. Кредит (қарыз) бойынша барлық үмітсіз

берешекті немесе бір бөлігін кешіру банктің басқару органы бекіткен Ішкі кредит саясаты туралы қағидаларда белгіленген банк органының әрбір кредит (қарыз) үмітсіз берешекті кешіру жөніндегі шешімі негізінде жүзеге асырылады, онда:

1) қарыз алушы;

2) кредит беру туралы жасалған шарт (банктік қарыз шарты);

3) кредиттік бюрода кредиттік тарих субъектісі жөніндегі ақпараттың болуы туралы мәліметтер, кешіру туралы шешім қабылданған өтелмеген үмітсіз берешектің жиынтық мөлшері көрсетіледі.

6. Кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешекті кешіру мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Қағидалардың 5-тармағына сәйкес шешім қабылданады;

2) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлға немесе заңды тұлға болып табылатын қарыз алушының кредиті (қарызы) бойынша үмітсіз берешек кешірілген жағдайларда, банк қарыз алушыға кредиті (қарызы) бойынша үмітсіз берешегі кешірілгені туралы хабарлайды және қарыз алушы-салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына Салық кодексінің 581-бабының 10) тармақшасында белгіленген тәртіпте қарыз алушыдан міндеттемелер есептен шығарылғаны туралы хабарлайды;

3) кешірілген берешек туралы мәліметтер кредиттік тарихтің субъектісі туралы ақпаратта көрсету үшін кредиттік бюроға ұсынылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2014 жылғы 27 мамыр

№ 98

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2014 жылғы 26 маусымда келісілген.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 шілдеде № 9621 тіркелді*

*Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5406 тіркелген, 2009 жылғы 14 қаңтарда «Заң газеті» газетінде № 5 (1428) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздармен және басқа қаржы құралдармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру ережесінде:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Сауда-саттықты ұйымдастырушы уәкілетті органды барлық бағалы қағаздар листингі мен делистингі жағдайлары туралы осындай жағдай басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.»;

34-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен сауда-саттыққа оларды бастапқы орналастыру кезінде екінші деңгейдегі банктер, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары және ұлттық пошта операторы болып табылатын қор биржасының тиісті мүшелік санатындағы мүшелері қатысады. Брокер болып табылатын екінші деңгейдегі банк көрсетілген сауда-саттыққа екінші деңгейдегі банктер, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары немесе жеке тұлғалар болып табылатын клиенттердің тапсырмасы бойынша, солардың есебінен және мүддесінде мәмілелер жасау талабымен брокер ретінде іс-әрекет жасайды. Инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар сауда-саттыққа тек қана ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен және мүддесінде қатысады.

Қор биржасы сауда жүйесінде екінші деңгейдегі банктердің, ерікті жинақтаушы

зейнетақы қорларының, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарының, ұлттық пошта операторының және (немесе) жеке тұлғалардың активтері есебінен берілмейтін мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға арналған өтінімдерді автоматты түрде қабылдамауға мүмкіндік жасайтын теңшеулер орнату жолымен осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптың орындалуын қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызмет көрсету туралы не сенімгерлік басқару шарттары жасалған клиенттердің есебінен және мүддесі үшін ғана Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен сауда-саттыққа оларды бастапқы орналастыру кезінде қатысу жағдайларына қолданылмайды.»;

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Әрбір жеке қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі қор биржасының мүшелері – бір немесе бірнеше брокерге және (немесе) дилерге беріледі.

Қор биржасының мүшесі - брокерге және (немесе) дилерге маркет-мейкер мәртебесін беру тәртібі мынадай талаптар мен рәсімдерді қамтиды:

қор биржасының мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беру туралы мәселені қарау қор биржасының осы мүшесінің маркет-мейкер мәртебесін беру туралы жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады;

қор биржасы маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешімді немесе осындай мәртебені беруден дәлелді бас тартуды осы тармақта көрсетілген өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама түрінде ресімдейді және осы өтінішті берген қор биржасының мүшесіне жібереді;

қор биржасының тізіміне енгізілетін бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешім осы бағалы қағаздарды Биржаның тізіміне енгізу туралы шешім күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, бірақ осы бағалы

қағаздар бойынша сауда-саттықты ашу күнінен кешіктірілмей қабылданады.»;

43-2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қор биржасының мүшесі - брокердің және (немесе) дилердің қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде айла-шарғы жасау және (немесе) жосықсыз іс-әрекет жасау және (немесе) бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану бөлігінде бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) қор биржасы ішкі құжаттарының нормаларын сақтамау;»;

46-1-тармақта:

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Қор биржасы үш жұмыс күні ішінде осы мүшесінің Ереженің

47-тармағында белгіленген талаптарды орындау талабымен ғана осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша өзінің мүшесін маркет-мейкер мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдайды.

Қор биржасы қор биржасының мүшесі - брокерді және (немесе) дилерді маркет-мейкер мәртебесінен айыру туралы қор биржасының шешімін жазбаша хабарлама түрінде ресімдейді және ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қор биржасының мүшесі - осы брокерге және (немесе) дилерге жібереді.»;

53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, инвестициялық қорларға, Қазақстан Республикасының арнайы қаржы компанияларына қызмет көрсететін кастодиандар қор биржасының растау жүйесіне көрсетілген клиенттердің активтерін нысаналы орналастыруға (пайдалануға) бақылау жасау мақсатында қосылады.

54. Растау жүйесіне қызмет көрсететін пайдаланушы растамаған (растAUDAN бас тарту келіп түскен не растау қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде түспеген) қаржы құралдарымен мәмілелер оларды жасаған қор биржасы мүшесінің меншікті активтері есебінен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және талаптарда орындалады.»;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Сауда-саттыққа қатысушылардың арасындағы, сондай-ақ сауда-саттыққа

қатысушылар мен қор биржасы арасындағы сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәміле жасасу және оларды орындау мәселелері бойынша дауларды шешу тәртібі қор биржасының даулары мен қақтығыстарын шешу жөніндегі комиссияны құру және оның қызметінің тәртібі көзделетін қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады. Ішкі құжаттарды қабылдау (бекіту), сондай-ақ даулар мен қақтығыстарды шешу жөніндегі комиссияның сандық және дербес құрамын және оның мүшелерінің құрылымын айқындау қор биржасының басқару органының құзыретіне жатады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптар туралы және Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту жөнінде» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 195 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5495 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мыналар:

1) қор биржасының атқарушы органының мүшелері;

2) уәкілетті органның өкілі болып табылатын листингтік комиссияның мүшелері листингтік комиссияның төрағасы болып сайлана алмайды.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Листингтік комиссияның отырыстары осы қаулының 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік уәкілетті органның өкілін қоса алғанда, листингтік комиссия мүшелерінің жалпы санынан кем дегенде үштен екісі отырысқа қатысу талабымен қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Листингтік комиссияның отырысына бағалы қағаз эмитентінің және жасалған шартқа сәйкес эмитентке оның бағалы қағаздарын сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйымның өкілдері (бұдан әрі – қаржы консультанты) шақырылуы мүмкін.

8. Листингтік комиссияның шешімі оның қабылдануына листингтік комиссия мүшелерінің

жалпы санынан кем дегенде үштен екісі дауыс берсе қабылданады. Дауыс беруге мыналардың:

1) бағалы қағаздары көрсетілген шешімге сәйкес қор биржасының тізіміне енгізілетін, осы тізімнен шығарылатын немесе осы тізімнің өзге санатына ауыстырылатын эмитенттің (бұдан әрі осы тармақта – мүдделі эмитент);

2) мүдделі эмитентке қатысты еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;

3) мүдделі эмитент оларға қатысты еншілес ұйым немесе тәуелді акционерлік қоғам болып табылатын ұйымдардың;

4) үшінші ұйымға қатысты мүдделі эмитентпен бірге еншілес ұйымдар немесе тәуелді акционерлік қоғамдар болып табылатын ұйымдардың;

5) мүдделі эмитентке қызметтер көрсететін қаржы консультантының, маркет-мейкердің, андеррайтердің;

6) осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері және (немесе) өкілдері болып табылатын листингтік комиссияның мүшелері қатыспайды.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Эмитенттер аудиті жөніндегі комитеттің құрамына мыналар кіреді:

1) уәкілетті органның өкілі;

2) қор биржасының атқарушы органының мүшесі;

3) негізгі функциясы бағалы қағаздар листингі болып табылатын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

4) негізгі функциясы бағалы қағаздардың листинг талаптарына бұдан былай сәйкес келу мониторингі болып табылатын қор биржасының құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

5) қор биржасының директорлар кеңесінің мүшелері;

6) ірі акционер өкілі.

Эмитенттер аудиті жөніндегі комитеттің шешімі бойынша оның отырыстарына қатысу үшін аудит және қаржылық есептілік саласында кәсіптік білімі бар сарапшылар шақырылады.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Қор биржасының ұйымдық құрылымына негізгі функциялары мыналар болып табылатын дербес бөлімшелер кіреді:

1) бағалы қағаздар листингі;

2) бағалы қағаздардың листинг талаптарына бұдан былай сәйкес келу мониторингі;

3) қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау қызметін жүзеге асыру.».

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымының қызметін жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселесі бойынша қор биржасының сараптама комитетіне (бұдан әрі – сараптама комитеті) күмәнді мәмілелер туралы мәліметтер беру;»;

3-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қадағалау бөлімшесіне бақылау жасайтын қор биржасының атқарушы органы мүшесінің қор биржасының сараптама комитетіне есеп жіберу туралы қарары.».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібін белгілейді және сауда-саттықты ұйымдастырушылармен сақталуға міндетті.

Осы Ереже дауыс беретін акцияларының жалпы санының елу пайызынан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі сауда-саттықты ұйымдастырушыға 3-тармақта белгіленген талаптар бөлігінде қолданылады.

2. Осы Ереженің мақсаты үшін «Standard&Poor's» агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары танылады.».

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қор биржасы мүшелерінің қор биржасына қаржылық есептілікті және өзге ақпаратты ұсыну тізбесі мен мерзімдері туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 33 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7466 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қор биржасының мүшелері (екінші деңгейдегі банктерді және ұлттық почта операторын қоспағанда) қор биржасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігінің нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 27 мамырдағы № 130 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8571 тіркелген) 10 және 11-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерді) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей ұсынады.

Ұлттық почта операторы қор биржасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігінің нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 27 мамырдағы № 130 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8571 тіркелген) 10 және 12-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерді) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. Екінші деңгейдегі банктер болып табыла-

тын қор биржасының мүшелері қор биржасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 147 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8618 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есептілікті ұсыну қағидаларының қосымшасына сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есепті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Осы қаулының 1, 2, 3, 4 және 5-тармақтарының талаптары шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар болып табылатын қор биржасының мүшелеріне қолданылмайды.

Қор биржасы мүшелерінің осы санатына қойылатын талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады.».

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7555 тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыратын бөлімшенің (бөлімшелердің) жеке үй-жайларының, сондай-ақ бөлімшелер бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің басқа функциялары мен түрлерін жүзеге асыру үшін пайдаланатын жүйелерден бөлек қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға арналған ақпаратты жинау, тіркеу және есепке алу жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді.»;

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Клиринг ұйымы клиринг ұйымының қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар үшін клиринг қызметінің нәтижелері

бойынша есеп жасайды.

20. Есеп айырысу ұйымы алынған бұйрықтар негізінде есеп айырысуларды (төлемдерді) жүзеге асырады және бұл туралы клиринг ұйымына хабарлайды.».

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7554 тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарда:

10-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар ретіндегі қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына және клирингтік қатысушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкес келу мәніне мониторинг және бақылау жасаудың тәртібі мен талаптары;»;

11-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) тәуекелдерге мониторинг, бағалау және бақылау жасау рәсімдері, оның ішінде:

клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің клиринг ұйымының басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып, тәуекелдер мониторингі бойынша қабылдайтын шаралары;

тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды, осы тәуекелдердің ықпалдарын кейіннен саралауды және тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары міндерін белгілеуді қоса алғанда, клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүзеге асыратын тәуекелдерді бағалау;

клиринг ұйымы тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің өзгеруіне және осы көрсеткіштердің жол берілетін ең жоғары мәндеріне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер

көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасау қамтылатын, клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі;

директорлар кеңесіне сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасаған мәмілелер бойынша клиринг ұйымының жауапкершілігіне әкеп соқтыруға қабілетті кез-келген маңызды жағдайлар туралы дереу есептілік ұсыну механизмі;

сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар тәуекелдерінің көрсеткіштері міндерінің өзгеруіне және осы тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасау қамтылатын, клиринг ұйымының сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларға мониторинг және бақылау жасау жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі.»;

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) клиринг ұйымы клирингтік қызмет көрсетуге қабылдаған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік ұйымдастыру мен жүзеге асыруды;».

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 17 сәуірде, 2014 жылғы 18 сәуірде № 55 (2449), № 56 (2450) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

9-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) әр түрлі, үлестес емес эмитенттер шығарған акциялар шығарылымдарының көп дегенде бесеуі қор биржасының ішкі әдістемесіне сәйкес есептелетін қор индексінің өкілдік тізіміне кіретін кем дегенде сегіз қаржы құралы бойынша

қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес маркет-мейкер ретінде баға белгілеуді жариялау және ұстау»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Қағидалардың 9-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келетін брокер-дилерге есеп айырысу кезеңі бес жұмыс күніне дейінгі мәмілелер жасауға рұқсат етіледі, бұл кезде мәміленің бір тарабының қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындауы мәміле жасалған күннен бастап төрт жұмыс күн ішінде мәміленің басқа тарабының ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу жөніндегі қарсы міндеттемелерін орындауымен мүмкін болады. Көрсетілген мәмілелер бойынша есеп айырысулар мәміле тарабының қаржы құралдарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындауы оның өзге қаржы құралдарын алу жөніндегі қарсы талаптарын орындаусыз немесе орталық қарсы агенттің қызметтерін қолданумен мүмкін болмайтын «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша халықаралық (шетелдік) есеп айырысудепозитарлық жүйелері (Euroclear, Clearstream, Depository Trust & Clearing Corporation, Japan Securities Clearing Corporation және басқа ұқсас жүйелер) арқылы жүзеге асырылады.

Есеп айырысулары клиринг ұйымының және (немесе) орталық қарсы агенттің қызметтері қолданыла отырып мәміле жасалғаннан кейін жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында бағалы қағаздармен мәмілені жасау (жасауға өтінім беру) талаптары мен тәртібі, сондай-ақ осындай мәміле бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету талаптары мен тәртібі клиринг ұйымының және (немесе) орталық қарсы агенттің ішкі құжаттарында белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 49-1-тармақпен толықтырылсын:

«49-1. Тәуекелдерінің жабылуын сипаттайтын көрсеткіштердің мәндері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 тіркелген) Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес келетін брокер-дилер есеп айырысу кезеңі үш жұмыс күніне дейін Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен мәмілелерді:

1) «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша;

2) клиринг ұйымының және (немесе) орталық қарсы агенттің қызметтері қолданыла отырып, қор биржасының ішкі қағидаларында белгіленген өзге де қағидаттар мен әдістер бойынша жасайды.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Брокердің және (немесе) дилердің немесе оның тапсырмасы бойынша мәміле жасасу жоспарланған клиентінің тиісті шотында бағалы қағаздардың қажетті саны немесе ақша болмаған кезде брокер және (немесе) дилер есеп айырысулары «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша (мәміленің бір тарабының қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындауы мәміленің басқа тарабының ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу жөніндегі қарсы міндеттемелерді орындауымен мүмкін болатын) жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен мәмілені жасаспайды (мәміле жасасуға өтінім бермейді).

Осы тармақ Қағидалардың 49 және 49-1-тармақтарында көрсетілген жағдайларға қолданылмайды.».

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейсті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)